



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2023 жылғы 12 сәуірде жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
А.Көлгіновке**

**Қазақстан Республикасының
Бас прокуроры
Б.Асылловқа**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

**Құрметті Алтай Сейдірұлы!
Құрметті Берік Ноғайұлы!**

Ұрпағына дұрыс тәрбие бере алмаған халық – тамырына құрт түскен ағаш секілді. Тамыры бүлінген ағаш шіриді, ұрпағы бүлінген халық іриді. Қыздың тәрбиесі бұзылса арсыздыққа, ұлдың тәрбиесі бұзылса бассыздыққа бой алдырады.

Жасөспірімдер арасында жантүршігерлік тосын оқиғалардың соңғы уақытта тым жиілеп кеткені – мектептерде, отбасында, бүгінгі қоғамда бала тәрбиесі мәселесі ақсап тұрғандығын көрсетеді.

Жанымызды түршіктірген, Түркістандағы мектеп оқушысының өлімі, Қазалыдағы қатты соққылардан комаға түскен баланы айуандықпен жабылып тепкілеп жатқан жасөспірімдердің озбыр бұзақылығы, Өскемендегі өрімдей қызды шешіндіріп қойып аяусыз сабап жатқан тәрбиесіз қыздардың жиіркенішті мінездері, Төле би ауданындағы 6-сынып оқушысының азғындық әрекеті – бүгінгі дабыл қағып сөйлеуімнің негізгі себебі.

Осы оқиғалар болған жерлердегі жауапты органдардың шындықты жасырып қалуға ұмтылуы көңілге күдік ұялатып отыр. Әлеуметтік желілерде ел дүрлігіп, жаңғырығы жалпақ жұртқа жайылғанда ғана ресми органдар тарапынан осы оқиғалардың ақиқаты айтыла бастады. Ал, осы іспеттес оқиғалардың қаншасы жабулы қазан күйінде қалып жатқаны бізге беймәлім.

Ел болашағы – тәрбиелі ұрпақ. Ендеше ұрпақ тәрбиесіне салғырт қарамауға міндеттіміз.

Ұрпақ тәрбиесінде жіберген қателіктердің түп-тамыры тереңде.

Нақтырақ айтсам: өз баласының тәрбиесіне тікелей жауапты ата-анада, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын балабақшалар мен мектептерде, колледждер мен жоғарғы оқу орындарында, жасөспірімдер тәртібін бақылауға алуға тиісті құзырлы органдарда, қоғамдық әлеуметтік ортада және осылардың бәрін өнегелі тәрбие беру ісіне жұмылдырып отыруға тиіс мемлекеттік билікте.

Енді не істеу керек?

Елімізде ізгілікті, мейірім, қамқорлықты ұлық тұтатын әлеуметтік орта қалыптасуы қажет.

Бұл үшін:

1. Мейірімділікке, мемлекетшілдікке, ұлттық тәлім-тәрбиеге негізделген ұлттық идеология жүргізілуі тиіс.

2. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше 2022 жылы заңға қайшы мазмұндағы 16000 интернет-ресурс анықталған. Өкінішке орай телефонға телмірген бүгінгі ұрпақ, әлеуметтік желілердің тағлымсыз, бала санасына теріс әсер ететін ақпарат тасқынының тұтқынына айналып отыр. Қазақстанда балалар арасында шектеусіз қызмет жасап жатқан Tik Tok әлеуметтік желісін кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер арасында тыйым салу керек.

3. Жалған қорытындылармен ахуалды ушықтырмай, кең көлемді әлеуметтік зерттеулер жүргізіп, балабақшадан бастап, ЖОО-ға дейінгі тәрбие жұмыстарының қаншалықты тиімді екені, қоғамдық – әлеуметтік ортаның қазіргі жағдайы және оның ұрпақ тәрбиесіне қалай әсер етіп жатқаны, отбасындағы тәрбие мәселелері жан - жақты, әрі шын бағалануы тиіс.

4. Ішкі істер министрлігі кәмелеттік жасқа толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын қайта қарау маңызды.

5. Оқу-ағарту министрлігі мектептерде мұғалімдер оқушыларға тек академиялық білім беріп қана қоймай, балаларға берген тәрбиесін де таразылау механизмдерін енгізген жөн. Әлеуметтік педагог, сынып жетекшісі қызметін ұйымдастыру қағидаларын қайта қарауы тиіс.

Жауапты заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша ұсынуыңызды сұраймыз.

**Құрметпен, «AMANAT»
партиясы фракциясының мүшелері,
депутаттар**

**А. Әлтай
Ж.Әшімжанов
Е. Бейсенбаев
Н. Сәрсенғалиев
Ж. Сүлейменова
Р. Зайытов
Е. Сатыбалдин
Ү. Шапақ**

**«Ақ жол»
партиясы фракциясының мүшесі,
депутат**

Қ. Иса

**«Қазақстан Халық партиясы»
партиясы фракциясының мүшесі,
депутат**

Г. Танашева

Жеке мандатты депутат

Д. Мұқаев

*Орынд.: Ә. Қабдулов
Тел.: 74-62-03*